


3

81 жылдан кейін
оралған...

4

«Қайсар» - «Тұран»:
1:0

Сыр бойы

№75 (20951) 20 мамыр, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// УКИМЕТ

«ҚОРҚЫТ АТА» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

Елімізде «Қорқыт Ата» жаңа арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. Кеше тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектеновтің қол қойғаны жөнінде Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Келтірілген дерек бойынша, АЭА Қызылорда облысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын 550 гектар аумақта орналасады. Оның аумағында заманауи өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту, қызмет көрсетудің сапалы жаңа деңгейін қалыптастыру, инвестиция тарту, экономика саласында жаңа технологиялар енгізу, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды арттыру үшін мүмкіндіктер жасау жоспарланған. Ал АЭА-ның «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын орналасуы Қазақстан мен Орталық Азия нарықтарында өнімді тиімді өткізуге мүмкіндік береді.

АЭА аумағында салықтық және кедендік жеңілдіктер ұсына отырып, арнайы құқықтық режим әрекет ететін болады. 2049 жылға қарай АЭА-ға салынатын инвестицияның жалпы көлемін 150 млрд теңгеге, шетелдік салымдарды 80 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарда бар. Тауар өндіру мен қызмет көрсету көлемі 500 млрд теңге деңгейінде болжанады. Қазақстандық қамту үлесі 90%-ға дейін жетеді.

Мұнда ең басты күтілетін нәтиженің бірі – 25 жыл ішінде АЭА кәсіпорындарында 3366 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Қатысушы компаниялардың саны 40-қа жуықтамақ.

Сондай-ақ мультимодальды әуе хабтарын құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде және кеден заңнамасының талаптарына сәйкес, аталған қаулымен «Оңтүстік», «Астана – Технополис», «Сарыарқа», «Алатау» және «Ақтобе» АЭА-ға порт аймақтары мәртебесі беріліп отыр.

«СБ» ақпарат

/// 21 МАМАҒЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ӨНІР МӘДЕНИЕТІ ӨРЛЕУ ЖОЛЫНДА

Қоғам дамуының басты сипатының бірі – мәдениет. Төл тарихымызбен астасып жатқан ұлттық мәдениетіміздің мәйегі Сыр топырағында саф күйінде сақталған десек, қателеспейміз.

Бүгінде облыста 400-ден астам мәдениет, өнер және архив мекемесі бар. Оның ішінде 209 кітапхана, 171 мәдениет үйі мен клуб, 14 музей, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, Н.Бекеежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры, облыстық филармония, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесі, 11 архив мекемесі, «Анаға тағзым» орталығы халыққа қызмет көрсетеді.



Қоллау: Құрманғалиев

Ел тарихындағы төрт астананың ізі қалған Сыр бойы өзінің рухани құндылықтарымен ерекшеленеді. Соның бір айғағы, 2023 жылы алтын киімді «Шірік-Рабат сақ жауынгері» және алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы» реконструкцияларының облыстық музейден орын алуы аймақ мәдениетіндегі айтулы жаңалықтың бірі болды. Осы жылы Қызылорда облысының өнер күндері аясында елорда төрінде өткен «Сыр өңірі – Түркі дүниесінің алтын бесігі» көрмесінде тарихи маңызы зор мәдени құндылықтар Астана жұртшылығына таныстырылды.

Қызылорда облысының өнері күндері Астана мен Алматыда, Еуропа елдерінде ұйымдастырылып, Сыр мәдениетінің биік деңгейін көрсетті.

Аймақ басшысының қолдауымен 2023 жылы тұңғыш рет облыстық филармония жанынан симфония оркестрі құрылды. Оркестрдің

көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе. Оркестр құрамына 30 кәсіби музыкант қабылданып, жалпы ұжым 50-ден аса маманнан жасакталды. Сондай-ақ бұған дейін қала әкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театрының» өз алдына кәсіби жұмыс ретінде қайта құрылуы өңір мәдениетінің тарихындағы маңызды бастама еді. Бүгінде «Жастар театры» репертуарын ұлғайтып, кең танымал классикалық туындыларды сахналап, көрермен көшмесіне бөленіп жүр. Бұдан бөлек, инклюзивті театр, заманауи би, хор ұжымдары жасакталып, өз алдына шаңырақ көтерген «Жыраулар үйі» жұмысын жүйелі атқарып келеді.

Мәдениет саласы бойынша қолға алынған тағы бір тың бастама – Сыр мәдениетін дамытуға сүбелі үлесі бар мәдениет және шығармашылық өкілдеріне облыс әкімінің арнайы «Тұран»

сыйлығын (қаржылай сыйақысымен) табыстау дәстүрге айналып отыр. Аталған сыйлық осыған дейін 30-ға жуық адамға берілді.

Өткен жыл өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, мәдени, тарихи таным мол жобалар жүзеге асырылды. Облыстың бас шаһарында сәні мен сәулеті келіскен мың орындық «Өнер орталығы» бой көтерсе, аудандарда «Руханият орталықтары» пайдалануға берілді. Бұл орталықтарда, аты айтып тұрғандай, рухани маңызы зор танымдық, тағылымдық жұмыстарды жүйелі атқара отырып, ұлттық құндылықтарды жан-жақты насихаттауға лайықты жағдай жасалған. Орталықтарда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар, ардагерлер мен аналар үйі бар.

Айта кетейік, таяуда, Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесінде облыс әкімінің қатысуымен Қазалы ауданында «Руханият орталығы» ашылды.

2-бет

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Жуырда екі күнге Аралға барып, халықтың тыныс-тіршілігіне, ауданның даму қарқынына куә болдық. 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғанын ескеріп, ауыл шаруашылығына бейімделген Арал көпсалалы колледжінің жұмысымен таныстық. Оқу орнына табан тірегеннен алдымыздан колледж директоры Нұралы Әбішев күтіп алып, білім ошағының 66 жылдық тарихынан аз-кем ақпарат берді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН КОЛЛЕДЖ

Колледж 1959 жылы 23 желтоқсанда ауданның «Сұлыфат» поселкесінде №169 селолық кәсіптік-техникалық училище болып жұмысын бастаған. 1973 жылы Арал қаласында училище филиалы ашылып, одан кейінгі жылы толығымен соған көшірілді. Оқу-тәрбие және өндіріс бағытындағы жетістіктері үшін атауы 1989 жылы экспериментальді тірек училищесі болып ауысты. Ал 1993 жылы №16 Арал жоғары кәсіптік-техникалық лицейі дәрежесін алды. 1998 жылы №2 кәсіптік-техникалық лицейі, 2002 жылы №2 кәсіптік-лицей аталды. Арал көпсалалы колледжі болып өзгергені 12 жылдан асты.

— Қазір мұнда 11 мамандық, 26 біліктілік бойынша 280-нен астам оқушы білім алып жатыр. Оның ішінде көлік жөндеу слесарі, ауыл шаруашылығын механикаландыру, тракторист-машинист, фермер, құрылысшы, тас қалаушы, сылақышы, электронды есептегіш машинасының операторы, электрик, көкөніс өсіру және тағы басқа мамандықтар бар. Бізде оқудың 60%-ы практика түрінде өтеді. Бұл жастардың теориямен шектелмей, тәжірибе шыңдауына мүмкіндік береді. 20 шақты мекеме, жеке кәсіпкер және шаруашылықпен келісім-шартымыз бар. Оның ішінде «Аралтұз», «Арал құрылысы», «Аралгапромотехника», «Қызылорда электр тарту тораптары» сияқты ірі компанияларды ерекше атап

өткім келеді. IT мамандары халыққа қызмет көрсету орталықтарында тәжірибеден өтеді. Тәжірибе кезінде өзін-өзі жақсы қырынан көрсеткен балаларымызды жұмысқа алып қалады, — дейді Нұралы Әбішев.

Колледжде оқу процесі дуалды, модульдік-құзыреттілік, модульдік-кредиттік оқыту тәсілдері негізінде ұйымдастырылған. Білім алушыларға практикамен айналысу үшін Аралқұм ауылдық округінің Шеңгеле базасы аумағынан 2 мың гектар жер тұрақты пайдалануға берілген. Онда ірі қара және уақ мал ұстайтын қосалқы шаруашылық жұмыс істеп тұр.

Колледж өзінің дарынды әрі білімді ұл-қыздарымен мақтанады. Білім алушылар 2016 жылдан бері жұмысшы мамандығында оқитын студенттер арасындағы «World Skills» республикалық шеберлік сайысының облыстық кезеңінде бақ сынап жүр. Оның ішінде тас қалау, жеңіл автомобиль жөндеу және қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу біліктіліктері бойынша жүлделі орындардан көрінді. Ал өткен жылы Дарханбек Жұманов есімді білім алушы республикалық байқауда бақ сынап, талайдың арасынан сайдың тасындай іріктеліп шықты.

2-бет



Фото: Ашық дереккөзден

Құрметті оқырман!

**2025 ЖЫЛДЫҢ
ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС ГАЗЕТТЕРІНЕ
ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

**«Сыр бойы» газетіне
жазылу бағасы
жекелер үшін: 6 айға –
4000 теңге,
мекемелер үшін: 6 айға –
5000 теңге**

Валюта бағамы:

\$ 509,51 kzt

€ 570,60 kzt

₸ 6,3 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі



+30°



+15°

Сәрсенбі



+34°



+17°

